ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 8 қаңтар № 7119-23-00-2/15057 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Шаншарова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Толкын Амантаевна Бекасылова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Шаншарова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Толкын Амантаевна Бекасылованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Шаншарова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Толкын Амантаевна Бекасылова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Шаншарова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Толкын Амантаевна Бекасыловадан талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің

Документ подписан: Искалиева А. С., 08.01.2024
Дата вступления в законную силу: 16.02.2024. Судья Искалиева А. С., 17.02.2024

«Жастар» сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 598 (бес жүз тоқсан сегіз) теңге теңге тұрақсыздық айыбы және 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Шаншарова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Толкын Амантаевна Бекасыловадан мемлекет пайдасына 18 (он сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 08.01.2024

Дата вступления в законную силу: 16.02.2024, судья Искалиева А. С., 17.02.2024